



**№ 136 мектебiнiң педагог-психологтерiнiң 2024-2025 оқу жылына
арналған жұмыс жоспары**

**План педагога-психолога
№ 136 общеобразовательной школы
на 2024-2025 учебный год**

**Педагог-психолог: А.К.Базарбаева
А.И.Жоланова**

Педагог-психолог жұмысының мазмұны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығына (1-тармақ ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.06.2023 № 186 бұйрығымен жана редакцияда жарияланған) сәйкес іске асырылады.

Педагог-психологтің жұмысының мақсаты – Білім беру процесіне қатысушылардың қиындықтарын айқындау және диагностикалау, білім беру және ұйымдастырушылық-әдістемелік қызмет кезінде психологиялық сүйемелдеуді қамтамасыз ету.

Педагог-психологтің жұмысының міндеті:

- ✓ оқушылар мен тәрбиеленушілердің психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз етуге және қалыпқа келтіруге, олардың ертүрлі өмірлік жағдайларда әлеуметтік-психологиялық бейімделу қабілетін дамытуға, оның ішінде девиантты мінез-құлыққа байланысты мәселелерінде көмек көрсетуге бағытталған қызметті жүзеге асырады;
- ✓ білім алушылар мен тәрбиеленушілерге бейінді және кәсіби өзін-өзі анықтау да көмек көрсетеді;
- ✓ білім беру ортасы жағдайында педагогтердің, ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің психологиялық-педагогикалық мәдениетін қалыптастырады және білім беру процесіне қатысушылар арасында толеранттылықты қалыптастыруға ықпал етеді;
- ✓ инклюзивтілік қағидатын іске асыруға жәрдемдеседі және білім беру процесіне қатысушылардың барлығының мінез-құлқының толерантты мәдениетін қамтамасыз етеді;
- ✓ білім алушылар мен тәрбиеленушілердің аутодеструктивті және девиантты мінез-құлықтың алдын алу бойынша жұмыс жүргізеді;
- ✓ білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жай-күйіне психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізеді, психологиялық көмек көрсету үшін психологиялық-педагогикалық қорытынды мен ұсынымдар жасайды;
- ✓ білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауға қатысады және білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып дамыту бағдарламаларын әзірлейді;
- ✓ ертүрлі психологиялық проблемалары бар балаларға, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға консультациялар, жеке, кіші топтық және топтық дамыту сабақтары түрінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетеді;

- ✓ дарынды білім алушыларға психологиялық қолдауды жүзеге асырады;
- ✓ білім беру іс-әрекетіндегі қиындықтарға байланысты психологиялық проблемаларды шешуде білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, педагогтерге, ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге консультациялық көмек және психологиялық қолдау көрсетеді;
- ✓ педагогикалық ұжымға, сондай-ақ білім алушылардың және тәрбиеленушілердің жеке және әлеуметтік даму мәселелері бойынша ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге ұсынымдар әзірлеу мақсатында ұйымдастырушылық-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыс жүргізеді;
- ✓ белгіленген нысан бойынша құжаттаманы жүргізеді, педагогикалық, әдістемелік кеңестердің жұмысына, ата-аналар жиналыстарын, тәрбиелеу және білім беру ұйымының жұмыс жоспарында көзделген басқа да іс-шараларды өткізу жөніндегі жұмысқа қатысады;
- ✓ педагогика, психология және психотерапия бағыттары бойынша кәсіби құзыреттілікті үздіксіз арттырады, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу әдістері мен технологияларын қолданады;
- ✓ Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі конвенцияға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жеке адамның құқықтарын қорғауға жәрдемдеседі;
- ✓ білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу-танымдық іс-әрекетіндегі қиындықтарды жеңу бойынша ұсынымдар әзірлеуді жүзеге асырады;
- ✓ кәсіби қызмет барысында білім беру қызметінің психологиялық-педагогикалық принциптерін басшылыққа алады;
- ✓ білім алушылардың жас ерекшеліктерін және келіп түсетін сұраныстарды ескере отырып, диагностика жүргізу үшін жол берілетін әдістер мен әдістемелерді айқындайды;
- ✓ жалпы білім беру бағдарламаларын итерудегі психологиялық, әлеуметтік немесе физиологиялық қиындықтардың себептерін саралайды;
- ✓ білім алушы мен тәрбиеленушінің жеке басының ерекшеліктеріне психологиялық зерттеу жүргізеді, психологикалды жай-күйін және оны тұрақтандыру мүмкіндіктерін талдайды;
- ✓ жеке немесе топтық түзету, дамыту және мотивациялық сабақтар немесе тренингтер өткізеді;
- ✓ білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу-танымдық қызметі мен әлеуметтенуіндегі өзгерістер динамикасының мониторингіне қатысады;

- ✓ білім алушы мен тәрбиеленушінің оқу-танымдық қызметіндегі және әлеуметтенуіндегі қиындықтарды еңсеру бойынша білім беру ұйымының өз ішінде және одан тыс тиісті бейіндегі мамандармен өзара іс-қимыл жасайды.

Психологиялық қызмет бағыттары:

1) Диагностикалық	Оқытудың бүкіл кезеңі ішінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке және топтық қызметін, психологиялық-педагогикалық зерттеуін, олардың жеке ерекшеліктері мен бейімділіктерін, оқыту және тәрбиелеу процесінде, өзін-өзі кәсіптік тұрғыдан айқындауда әлеуетті мүмкіндіктерін айқындауды, сондай-ақ оқытуды, дамытуды, әлеуметтік бейімделудегі бұзушылықтардың себептері мен тетіктерін анықтауды көздейді.
2) Консультациялық	Білім беру процесіне қатысушыларға көмек көрсету нысанында: олардың туындаған қиындықтардың табиғатын немесе себептерін түсінуде, психологиялық проблемаларды талдау мен шешуде, жеке ерекшеліктерін айқындауда, жаңа әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді түрде игеруге жәрдемдесуде; жаңа көзқарастарды қалыптастыруда және өз шешімдерін қабылдауда көмек көрсету; әртүрлі психологиялық мәселелерді шешуде; білім беру процесіне қатысушыларға тұнғаралық қатынастардағы, өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамытуды қиындықтарға байланысты проблемаларды шешуде жеке және топтық қызметті көздейді;
3) Дамытушы (түзету)	Білім алушылармен және тәрбиеленушілермен жаңа білімге, дағдылар мен ікемдерге қатысты уәждемені қалыптастыру, оларды игеру мүмкіндіктері, оқу және танымдық қызметте өзін-өзі көрсете алу мүмкіндіктері бойынша жеке жұмысты көздейді. Диагностика процесінде анықталған оқу қиындықтары мен баланың мінез-құлқындағы проблема; педагог-психологтың пән педагогтерімен, әлеуметтік және арнайы педагогтармен кешенді өзара іс-қимылға негізінде оқу материалын меңгерудегі қиындықтарды жеңу, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар мен тәрбиеленушілердің психикалық және (немесе) физикалық жай-күйін түзету бойынша жұмысты ұйымдастыруды қамтиды
4) Психологиялық-педагогикалық ағарту	Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, педагогтердің жеке кәсіби өсуіне, өзін-өзі анықтауына жәрдемдесуді; білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқытуды, тәрбиелеу мен дамытуды қиындықтарды болдырмау мақсатында алғашқы уақытты алатын білімдерін одан әрі пайдалану үшін педагогтердің, ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің психологиялық-педагогикалық білімге деген қажеттілігін қалыптастыруды және ұмтылысын қолдауды көздейді (сынып саяхаттары, семинарлар, ата-аналар жиналыстары, педагогикалық кенестер, ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер үшін интерактивті әдістер мен лекториялар өткізу)
5) Ұйымдастыру-әдістемелік	Ұйымдастыру-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыс жүргізуді көздейді: білім беру және дамыту ортасының жағдайына мониторинг жүргізу, әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық қолдау нәтижелерін талдау және оны сүйемелдеу бойынша ұсынымдар әзірлеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді сүйемелдеуде пәнаралық тәсілді әзірлеу; орта білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік сүйемелдеу бойынша отандық және шетелдік ғылым мен практиканың жетістіктерін зерттеу, семинар-практикумдарға, конференцияларға қатысу; білім алушылар мен тәрбиеленушілерді психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік сүйемелдеу

НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР

Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды.
«Баға құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы.
Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығы.
«Баланы қорлаудың (қорқытудың) алдын алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы.
«Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бұйрығы.
«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемле-кеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы
«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы
«Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидала-рын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №4 бұйрығы
«Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №6 бұйрығы
«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» (Қа-зақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсан-дағы № 518-ІV Кодексі
«Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламат-тығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жыл-дарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 31.08.2023 ж. № 748 қаулысы
«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сон-дай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдыктармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 22.01.2016 ж. №70 бұйрығы
Білім алушылармен және тәрбиеленушілермен психологиялық диалогтика, консультация беру және тренингтер (топтық, жеке) "Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығы
"Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңыны
Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ.
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы - 2024

ЖОСПАР

№	Іс-шаралар	Жұмыс бағыттары	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Орындалу нысаны	Жауаптылар	Орындалуы туралы белгі
1. ДИАГНОСТИКАЛЫҚ БАҒЫТ 1 – жарты жылдық							
	Мектепке қабылданған баланың психологиялық даурылғын анықтау «Керн-Йрасек» тесті: - Ер адамның суретін салу; - Сөздер көшірмесі; - Нүктелер көшірмесі.	Диагностика	1- сынып оқушылары	Қыркүйек 2-апта	Әр сыныптың жеке анықтамасы, қажеттілігіне қарай жоспар	Психологтар	1-сынып оқушыларының мектепте оқуға дайындығы туралы талдамалық есеп 25.09.024ж
	Психосоциналдық жай –күйін анықтау (Аутоскресистті мінез-құлық): «Өмірде жок жануар», «Орта буынға бейімделу». Лусканова әдістемесі	Диагностика	5- сынып	Қыркүйек – 3 аптадан бастап, қазан толық	Әр сыныптың, әр жұмысына жеке анықтамасы, қажеттілігіне қарай жоспар	Психологтар	Алқашы отырысқа диагностика нәтижесі бойынша қорытынды, мониторинг ұсыну. Мәлімет жіберу, 25.10.24ж
	«Кондаш» қобалжу деңгейін анықтау		6- сынып				
	Филиппстің «Мектептегі мазасыздану» тесті		7- сынып				
	Г. Айзенктің «Тұлғаның психологиялық жай күйін анықтау» сауалнамасы		8-сынып				
	Стресс саған қалай әсер етеді Э.Ховард әдістемесі		9- сынып				
	Мінез-құлық акцентуациясы Шмишек әдістемесі	Диагностика	10-сынып				
	Стресс саған қалай әсер етеді Э.Ховард әдістемесі		11-сынып				
	«Жанбыр астындағы адам» әдістемесі		2-сынып				
	«Жанбыр» әдістемесі М.А.Панфилова		3- сынып				
	«Жануарлар мектебі» әдістемесі		4-сынып		Әр сыныптың, әр жұмысына жеке анықтамасы, қажеттілігіне қарай жоспар	Психологтар	Диагностика нәтижесі бойынша қорытынды, мониторинг. 30.10.24ж

Білім алушылардың таным процестеріне диагностика:		Диагностика		Жыл бойы сураныс негізінде	Әр сыныптың, әр жұмысына жеке анықтамасы, қажеттілігіне қарай жоспар	Психологтер	Диагностика нәтижесі бойынша қорытынды есеп. 30.10.24ж
- Равен матрицасы	- Логикалық ойлау						
- Қабылдау деңгейіне арналған тесттер		4-сынып		5-сынып	6-9 сыныптар		
- Интеллектуалды икемділік тесті		1-3 сынып					
1. ДИАГНОСТИКАЛЫҚ БАҒЫТ II – жарты жылдық							
Психомоционалдық жай –күйін анықтау(Аутоагрессивті мінез-құлық): - "Отбасының кинетикалық суреті" С.Кауфман мен Р.Бенстің				Қаңтар-Ақпан	Әр сыныптың, әр жұмысына жеке анықтамасы, қажеттілігіне қарай жоспар	Психологтер	Диагностика нәтижесі бойынша мониторинг, қорытынды есеп. 24.02.25ж
		5-сынып 6-сынып					
		7-сынып 8-сынып					
		9-сынып 10-сынып 11-сынып					
- Референтометрия сұрақнамасы							
- Басса-Дарки сауалнамасы							

2. КОНСУЛЬТАЦИЙЛЫҚ БАҒЫТ

Туындаған қиындықтардың табиғатын немесе себептерін түсінудіңдіру	Консультация	білім беру процесіне қатысушылар (оқушы, педагог, ата-ана)	Жыл бойы қажеттілігін е қарай	Консультация қорытындысы бойынша талдау, қажеттілігіне қарай жоспар	Психологтар	Консультацияны журналына тіркеу Әр тоқсан сайын, ақпарат беру.
Психологиялық проблемаларды талдау мен шешу	Консультация	8-11 сынып оқушылары, педагогтер, ата-аналары	Жыл бойы қажеттілігін е қарай	Консультация қорытындысы бойынша талдау, қажеттілігіне қарай жоспар	Психологтар	Консультацияны журналына тіркеу Әр тоқсан сайын, ақпарат беру

Жеке ерекшеліктерін айқындау, жаңа әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді түрде игеруге жәрдемдесу	Консультация	1-11 сынып оқушылары, педагогтер, ата-аналары	Жыл бойы қажеттілігін е қарай	Консультация қорытындысы бойынша талдау, қажеттілігіне қарай жоспар	Психологтар	Консультацияны журналына тіркеу Әр тоқсан сайын, акпарат беру
Жаңа көзқарастарды қалыптастыруда және өз шешімдерін қабылдау	Консультация	8-11 оқушылары	Жыл бойы қажеттілігін е қарай	Консультация қорытындысы бойынша талдау, қажеттілігіне қарай жоспар	Психологтар	Консультацияны журналына тіркеу Әр тоқсан сайын, акпарат беру
Әртүрлі психологиялық мәселелер <i>С.Карфман мен Р.Бенеттің "Отбасының кинетикалық суреті"</i>	Консультация	Білім алушылар	Жыл бойы қажеттілігін е қарай	Консультация қорытындысы бойынша талдау, қажеттілігіне қарай жоспар	Психологтар	Консультацияны журналына тіркеу Әр тоқсан сайын, акпарат беру
Туңғаралық қатынастардағы, өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамыту қиындықтарына байланысты проблемалар	Консультация	Білім беру процесіне қатысушылар <i>(оқушы, педагог, ата-ана)</i>	Жыл бойы қажеттілігін е қарай	Консультация қорытындысы бойынша талдау, қажеттілігіне қарай жоспар	Психологтар	Консультацияны журналына тіркеу Әр тоқсан сайын, акпарат беру.

3. ДАМУҒУШЫ (ТҮЗЕТУ) БАҒЫТЫ

Диагностика процесінде анықталған оқу қиындықтары мен баланың мінез-құлқындағы проблеманы <i>(оқу материалын меңгерудегі қиындықтарды жеңу)</i>	Дамытушы <i>(түзету)</i>	1-11 сынып оқушылары	Жыл бойы диагностика нәтижесі және сұраныс негізінде	Бірлескен жоспар	Пән педагогтері-мен, әлеуметтік және арнайы педагогтарм ен кешенді өзара іс-қимыл	Алқалы отырысқа диагностика нәтижесі бойынша қорытынды, мониторинг ұсыну.
---	--------------------------	----------------------	--	------------------	---	---

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар психикалық және (немесе) физикалық жай-күйін түзету бойынша жұмыстар	Дамытушы (түзету)	1-11 сынып оқушылары	Жыл бойы диагностика нәтижесі және сұраныс негізінде	Білрескен жоспар	Пән педагогтері-мен, әлеуметтік және арнайы педагогтармен кешенді өзара іс-қимыл	Алқалы отырысқа диагностика нәтижесі бойынша қорытынды, мониторинг ұсыну
--	-------------------	----------------------	--	------------------	--	--

4. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АҒАРТУ БАҒЫТЫ

Білім алушылардың занға бағыну мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған тренингтер	Психологиялық педагогикалық ағарту	7-11 сынып оқушылары	Жыл бойы Қажеттілігін е қарай	Тәрбие сағаттары «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында	Сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог, педагог-психолог.	Тренинг, белсенді оқу әдістерінің жасақтамалары Хаттама Әр тоқсан сайын, ақпарат беру.
Білім алушылардың өзін-өзі анықтауына жәрдемдесу	Психологиялық педагогикалық ағарту	7-11 сынып оқушылары	Жыл бойы Қажеттілігін е қарай	Психологиялық қызмет шеңберінде жоспар	әлеуметтік педагог, педагог-психолог.	Тренинг, белсенді оқу әдістерінің жасақтамалары Қорытынды есеп Әр тоқсан сайын, ақпарат беру.
Педагогтердің жеке кәсіби өсуіне психологиялық сүйемелдеу (білім алушыларды оқытудағы, тәрбиелеу мен дамытудағы қиындықтардың алдын алу)	Психологиялық педагогикалық ағарту	Педагогикалық ұжым	Жыл бойы, Сұраныс бойынша, қажеттілігін е қарай (сынып сағаттары, семинарлар)	«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында тренинг, белсенді оқу әдістерінің жасақтамалары, бағдарламалар	Педагог-психолог	Хаттама, консультация журналына тіркеу Қорытынды есеп Әр тоқсан сайын, ақпарат беру.

Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білімге деген қажеттілігін қалыптастыруды және ұмтылысын қолдау (білім алушыларды оқытудағы, тәрбиелеу мен дамытудағы қиындықтарды алдын алу)	Психологиялық-педагогикалық атарту	Ата-аналар	Жыл бойы, Сұраныс бойынша, қажеттілігін е қарай ата-аналар жиналыстары, педагогикалық кенестер интерактивті әдістер мен лекториялар	«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында тренинг, интерактивті әдістер мен лекториялар, баиндамалар жасақтамалары	Педагог-психолог	Хаттама, консультация журналына тіркеу Қорытынды есеп Әр тоқсан сайын, ақпарат беру
---	------------------------------------	------------	---	---	------------------	---

5.ҰЙЫМДАСТЫРУ-ӘДІСТЕМЕЛІК БАҒЫТЫ

Ғылыми -әдістемелік жұмыс жүргізу (волонтерлермен жұмыс)	ұйымдастыру-әдістемелік	Білім алушылар	Жарты жылда 1 рет	буклет	Волонтерлер	Қорытынды есеп
Психологтің ашық есік күні: - Өз эмоциянды басқара біл	ұйымдастыру-әдістемелік	Білім алушылар	Тоқсанына 1 рет	Сұхбат (сұрақтарға жауап)	Психолог	Қорытынды есеп Әр тоқсан сайын, ақпарат беру (тақырыпты жазу керек
- Білім алушылардың оқу мотивациясын қалыптастыру мәселелері	ұйымдастыру-әдістемелік	Педагогтерге	Тоқсанына 1 рет	Сұхбат (сұрақтарға жауап)	Психолог	Қорытынды есеп Әр тоқсан сайын, ақпарат беру (тақырыпты жазу керек
- «Баланызды естіңіз» ата-ана мен бала қарым-қатынасы	ұйымдастыру-әдістемелік	ата-аналар үшін	Тоқсанына 1 рет	Сұхбат (сұрақтарға жауап)	Психолог	Әр тоқсан сайын, ақпарат беру (тақырыпты жазу керек) Қорытынды есеп
Семинар-практикумдарға, конференцияларға ұйымдастыру, қатысу	ұйымдастыру-әдістемелік	Өз біліктілігін арттыру	Жыл бойы Қажеттілігін е қарай	Аудандық, қалалық іс-шараларға қатысу	Психолог	Қорытынды есеп, хаттама

«Баланың психофизиологиялық ерекшеліктерін түсіну және қолдау»	ұйымдастыру-әдістемелік	Білім беру ұйымдарында ата-аналар арасында жалпыға бірдей ағартуды жүргізу арқылы бала-ата-ана қарым-қатынасын нығайту. <i>Науқанға қатысу</i>	Жыл бойы	Психофизиологиялық апталық (Психофизиологиялық те)	Психолог	Қорытынды есеп
Білім алушыларды 4-9 –сынып оқушыларын ББЖМ-ге психофизиологиялық дайындау 11 - сынып оқушыларын ҰБТ-ге психофизиологиялық дайындау	ұйымдастыру-әдістемелік	Білім беру процесіне қатысушылар (оқушы, педагог, ата-ана)	Жыл бойы	Жоспар (психофизиологиялық қолдау жоспары)	Психолог	Қорытынды есеп
ЖЫЛДЫҚ ТАЛДАМАЛЫҚ ЕСЕП 26-31.05.25ж						

Жылдық жоспардың орындалуы туралы мәліметі

Мектеп атауы, номері
Педагог-психолог аты жөні
Атқарылған жұмыс бағыттары
Қамтылған білім беру процесіне қатысушылар (оқушы, педагог, ата-ана)
Атқарылған жұмысты толық баяндау (мәтіндік анықтама)
Әр диагностика жұмысының аяқталу мерзіміне сәйкес сандық анықтамасы.

№136 жалпы орта білім беретін мектеп



**Педагог-психологтың
2024-2025 оқу жылында атқарылған
жұмыстардың жылдық есебі**

2024-2025 оқу жылы

**№136 жалпы орта білім беретін мектебінің педагог-психологтарының
2024 – 2025 оқу жылында жүргізілген жұмысының**

ЕСЕБІ

Педагог – психологтың жұмысы 2024-2025 оқу жылына жылдық жоспар негізінде жүреге асырылды және келесі мақсаттар мен міндеттерге сәйкес құрылды:

Психолог қызметінің негізгі мақсаты:

Білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Мақсаттар:

ақылау, әңгімелесу, диагностика жүргізу, сондай-ақ білім алушылар мен тәрбиеленушілерден, ата-аналардан немесе өзге де заңды өкілдер мен педагогтерден (бұдан әрі – білім беру процесіне қатысушылар) келіп түскен ауызша немесе жазбаша өтініштер (сұрау салулар) талдау арқылы білім алушылар мен тәрбиеленушілерден қиындықтарды анықтау;

қушылар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың, буллинг, кибербуллингінің алдын алу;

уындаған мәселе бойынша (ата-ана, оқушы, ұстаз) психолог көмегіне дер кезінде психолог көмегіне жүгінуді қалыптастыру;

Міндеттер:

егізгі орта білім беру деңгейінде – оқытудың жаңа жағдайларына бейімделу, жеке және құндылық-мағыналық өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тану міндеттерін шешуде қолдау көрсету, танымдық процестерге тұрақтылық қалыптастыру;

психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру; білім алушылар педагогтермен және ата-аналармен немесе өзге де заңды өкілдермен өзара іс-қимылдың интерактивті нысандарын қоса алғанда, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жөніндегі іс-шараларды, педагогикалық кеңестер, ағарту жұмыстарын, тренингтер ұйымдастыру және өткізу;

Кәсіби мәселелерді шешу және психологиялық қызметтің негізгі мақсаттарына жету үшін негізгі **бағыттар** бойынша жұмыстар жүргізілді:

диагностикалау

түзету-дамыту жұмысы

профилактика және психологиялық ағарту
 еңес беру
 йымдастыру-әдістемелік жұмыс

Бір жыл ішінде диагностикалық іс-әрекет жеке жұмыс түрі ретінде ұсынылды (танымдық қабілеттердің дамуын талдау және жеке тұлғаның даму проблемаларын талдау мақсатында), сондай-ақ жеке консультациялар жүргізілді. Топтық диагностика шеңберінде келесі жұмыстар жүргізілді:

024-2025 оқу жылының басында ата-аналардың келісім парағын ала отырып, педагог-психолог 1 сынып оқушыларының мектепке бейімделуін диагностикадан өткізді. Мониторингке 5-7 жастағы балалар қатысты. Диагностика мынадай әдістеме бойынша: Керн-Иирасек тесті (мақсаты: баланың навигациялық қабілетін анықтау, үлгіні қолдану, оны дәл көшіру, сенсорлық және ұсақ моториканы үйлестіру) алынды. Диагностиканың нәтижелері кестеге құрастырылып, сынып жетекшілеріне таныстырылды.

азан айында 5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін анықтау мақсатында диагностика жүргізілді. Зерделенген оқушылар саны: 235. Жүргізілген әдістеме: «Оқу мотивациясын тексеру (Н.Г.Лусканова бойынша)».

Диагностика бойынша сыныптар төмендегідей нәтиже көрсетті.


Сыныптар	Саны	Жоғары көрсеткіш	Орташа көрсеткіш	Ішкі мотивация	Төмен көрсеткіш
5 «А»	22	2 / 9%	7 / 32%	10 / 45%	3 / 14%
5 «Ә»	23	-	7 / 30,5%	16 / 69,5%	-
5 «Б»	22	-	10 / 45%	12 / 55%	-
5 «В»	21	-	3 / 14%	13 / 62%	5 / 24%
5 «Г»	21	-	7 / 33%	10 / %	4 / %
5 «Ғ»	22	2 / 9%	7 / 32%	12 / 54%	1 / 5%
5 «Д»	25	1 / 4%	10 / 40%	10 / 40%	4 / 16%
5 «Е»	21	1 / 5%	5 / 24%	13 / 62%	2 / 9%
5 «И»	21	1 / 5%	4 / 19%	11 / 52%	5 / 24%
5 «Ж»	20	2 / 10%	7 / 35%	9 / 45%	2 / 10%
5 «З»	17	1 / 5%	8 / 47%	4 / 23,5%	3 / 24,5%

Жоғары деңгей: 10 (4%)

Орта деңгей: 75 (32%)

Ішкі мотивация: 120 (51%)

Төмен деңгей: 29 (12%)



Диагностика нәтижелері сынып жетекшілерге таныстырылып, мұғалімдер мен ата-аналарға ұсыныстар берілді.

-11 сынып оқушыларымен аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу бойынша:

проективті тест «Кактус» - оқушының эмоциялық сферасының жағдайын, ашушандығын және қарқынын айқындау -

ыныптар

дістеме «Кондаш» - қобалжу деңгейін анықтау – 6 сыныптар

дістеме Филлипстің мектептегі мазасыздану тесті – 7 сыныптар

дістеме Э.Ховард - Стресс саған қалай әсер етеді ? – 8-11 сыныптар аралығы

1. Қолданылған әдістемелер: «Кактус» проективті әдістемесі

Мақсаты: Баланың эмоциялық сферасының жағдайын, ашушандығын және қарқынын айқындау
Зерттелуші сыныптар : 3 – 4
Қатысқаны: 497

№	Сыныбы	Зерттеуге қатысқан оқушы саны	Проективті әдістемесі «Кактус» Ашушандық деңгейі					
			жоғары		калыпты		төмен	
			саны	%	саны	%	саны	%
1	3 «А»	22	1	3%	21	97%	-	-
2	3 «Ә»	23	1	4%	22	96%	-	-
3	3 «Б»	21	1	5%	20	95%	-	-
4	3 «В»	23	-	-	23	100%	-	-
5	3 «Г»	26	1	3%	25	97%	-	-
6	3 «Ғ»	18	-	-	18	100%	-	-
7	3 «Д»	24	1	4%	21	92%	1	4%
8	3 «Ж»	19	-	-	19	100%	-	-
9	3 «З»	24	2	8%	22	92%	-	-
10	3 «Е»	18	-	-	18	100%	-	-
11	3 «К»	15	-	-	15	100%	-	-
12	3 «Қ»	23	-	-	22	96%	1	4%
13	4 «А»	23	-	-	22	96%	1	4%
14	4 «Б»	17	1	6%	16	94%	-	-
15	4 «В»	22	-	-	22	100%	-	-
16	4 «Г»	23	1	4%	22	96%	-	-
17	4 «Ғ»	22	-	-	22	100%	-	-
18	4 «Д»	23	-	-	23	100%	-	-
19	4 «Е»	21	1	5%	20	95%	-	-
20	4 «Ж»	22	-	-	22	100%	-	-
21	4 «Л»	25	3	12%	22	88%	-	-
22	4 «К»	18	-	-	18	100%	-	-
23	4 «Қ»	25	-	-	25	100%	-	-
Барлығы		497	13	2,5%	481	96,5%	3	0%

2. Қолданылған әдістемелер: Кондаштың «Қобалжу шкаласы» әдістемесі.

Мақсаты: Оқушылар бойындағы қобалжу деңгейін анықтау.

Зерттелуші сыныптар: 6

Қатысқаны: 246 оқушы

№	Сынып	Мектептік					Өзіндік бағасына байланысты					Тұлғааралық			
		1-10 – томен	11-20 орташа	21-30 – жоғары	31-40- өте жоғары	1-10 – томен	11-20 орташа	21-30 – жоғары	31-40- өте жоғары	1-10 – томен	11-20 орташа	21-30 – жоғары	31-40- өте жоғары		
1	6 «А»	11	6	3	0	7	8	5	0	11	6	3	0		
2	6 «Ә»	9	14	1	0	10	13	1	0	11	12	1	0		
3	6 «Б»	5	10	6	0	3	10	8	0	3	9	9	0		
4	6 «В»	9	15	2	0	11	13	2	0	11	14	1	0		
5	6 «Г»	3	11	6	0	3	14	3	0	3	13	4	0		
6	6 «Ғ»	7	11	3	0	5	13	3	0	8	11	2	0		
7	6 «Д»	5	15	5	0	8	10	7	0	9	11	5	0		
8	6 «Е»	5	13	5	0	7	12	4	0	5	11	7	0		
9	6 «Ж»	9	9	4	0	9	8	5	0	9	14	2	0		
10	6 «З»	5	11	7	0	7	12	4	0	7	11	5	0		
11	6 «И»	5	7	4	0	5	11	5	0	5	11	5	0		
	Жалпы	73	122	46	-	75	124	47	-	82	123	44	-		
	%	29%	49,5%	18,5%	-	30,5%	50,5%	19%	-	33%	50%	17%	-		

3. Қолданылған әдістемелер: Филипптің «Мектептегі мазасыздану» тесті

Мақсаты: 1. Оқушылардың мектептегі мазасыздық деңгейін анықтау.

Зерттелуші сыныптар : 7

Қатысқаны: 245 оқушы

№	Сынып	қатысқаны	қалыпты (норма) -50%	Мазасыздық қалпы «жоғары» 50%	«Ең жоғары» мазасыздық 75%
1	7 «А»	22	15	7	0
2	7 «Ә»	27	23	4	0
3	7 «Б»	23	22	1	0
4	7 «В»	26	23	3	0
5	7 «Г»	22	20	2	0
6	7 «Ғ»	19	17	2	0
7	7 «Д»	22	19	3	0
8	7 «Е»	24	21	3	0
9	7 «Ж»	24	19	5	0
10	7 «И»	19	18	1	0
11	7 «З»	17	16	1	0
	Жалпы	245	213	32	0
	%		87%	13%	-

4.Қолданылған әдістемелер: Э.Ховард - Стресс саған қалай әсер етеді?

Мақсаты: Стреске төзімділігін анықтау.

Зерттелуші сыныптар : 8 - 11

Қатысқаны: 543 оқушы

8 - сынып қатысқан оқушы саны: 174

№	Сыныбы	I топ Шамалы	II топ Орташа	III топ Жиі
1	8 «а»	9	10	1
2	8 «ә»	7	8	1
3	8 «в»	8	14	1
4	8 «б»	5	15	-
5	8 «ғ»	8	13	-
6	8 «г»	7	12	-
7	8 «д»	5	10	1
8	8 «ж»	4	16	-
9	8 «и»	5	14	-
10	8 «е»	5	14	-
11	8 «з»	6	14	-
	Жалпы	69	140	4
	%	18 %	80%	2%

9 – сынып қатысқан оқушы саны: 156

№	Сыныбы	I топ Шамалы	II топ Орташа	III топ Жиі
1	9 «а»	9	11	1
2	9 «ә»	8	12	1
3	9 «б»	9	8	1
4	9 «в»	5	16	-
5	9 «г»	13	7	-
6	9 «ғ»	6	12	1
7	9 «д»	8	11	1
8	9 «е»	7	9	1
9	9 «ж»	6	10	1
10	9 «з»	2	17	1
11	9 «и»	5	16	-
	Жалпы	78	129	8
	%	13%	82%	5%

10 - сынып қатысқан оқушы саны: 133

№	Сыныбы	I топ	II топ	III топ
1	10 «а»	13	9	
2	10 «ә»	9	9	1
3	10 «б»	12	14	
4	10 «в»	6	7	3
5	10 «г»	9	10	
6	10 «ғ»	4	11	
7	10 «д»	6	10	
	Жалпы	59	70	4
	%	44%	53%	3%

11 - сынып қатысқан оқушы саны: 80

№	Сыныбы	I топ	II топ	III топ
1	11 «а»	12	5	3
2	11 «ә»	1	13	-
3	11 «б»	2	16	1
4	11 «в»	0	13	-
5	11 «г»	5	10	-
6	11 «ғ»	5	9	1
	Жалпы	27	66	5
	%	12%	82%	6%

Оқушылардың эмоционалдық жай күйін, қоғамдағы орнын анықтау мақсатында 8-11 сынып оқушыларынан Э.Ховардтың «Стресске бейімділік деңгейін анықтау» тесті алынып, нәтижесі сынып жетекшілеріне хабарланды. Сонымен қатар «Күйзелістен шығар жол» тақырыбында лекция оқылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

16.10.2024ж. күні 11 – сынып оқушыларына оқушылар арасында қобалжуды төмендету, топпен жағымды психологиялық атмосфера орнату, ұйымшылдыққа үйрету мақсатында ҰБТ-ға мотивация берілді.

21.10.2024ж. күні 7 «Ә» сынып оқушыларына оқушылардың арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу, топта жағымды психологиялық атмосфераны орнату мақсатында «Өмірді бағала» тренинг-сабағы өткізілді.

25.10.2024ж. күні 5 – сынып оқушыларына бір-бірілеріне жағымды көңіл-күй сыйлау, бір-бірінің білмейтін қырларымен толығырақ танысу, оқушылар арасында достық, татулық, жағымды қарым-қатынасты орнату мақсатында «Жақсы көңіл күй – жан азығы» тренингі өткізілді. Тренинг соңында бір-біріне жылы лебіздер айтып, жағымды көңіл-күй сыйлады.

15.11.2024ж. күні құмар ойындарға тәуелділіктің алдын алу мақсатында «*Лудомания дерті*» тақырыбында лекция оқылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар қараша айында 5-11 сынып оқушыларынан буллинг және кибербуллингті анықтау мақсатында анонимді сауалнама алынды. 7-11 сыныптарға «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сынып жетекшілерге «Қиын баланы тәрбиелеу қиын ба?» тақырыбында лекция оқылды.

АСППМ (HR+) платформасы арқылы 5 – 11 сынып оқушыларынан тест сауалнамалары алынып, нәтижесі бойынша сынып жетекшілерге және оқушыларға кеңестер берілді.

28.11.2024ж. күні 5-ші сынып оқушыларына оқушылардың көңіл-күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу, өздеріне құрметпен қарау, дұрыс қарым-қатынас орната білу сенімділікті арттыр, өмірге қызығушылықты арттыру мақсатында «*Мен өзіме сенемін*» тренинг сабағы өткізілді.

2 – 3 сынып оқушыларының көңіл-күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу, өздеріне құрметпен қарау, дұрыс қарым-қатынас орната білу, қиял процестерін дамыту мақсатында «*Көңіл - күй*» тақырыбында тренинг өткізілді.

06.02.2025ж. күні Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында жоғарғы сынып оқушыларына психологиялық тренинтер өткізілді.





11.01.2025ж. күні 11 – сыныптар арасында жасөспірімдердің ойлау қабілетін, шығармашылық ізденісін ой-қиялын арттыру мақсатында **«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»** тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг нәтижесінде оқушылардың көңіл-күйлері көтеріліп, қарым-қатынастары жақсарды.

30.01.2025ж. күні 11 «А», 11 «Ә», 11 «Б» сынып оқушыларына емтихандарға және ҰБТ-ге психологиялық дайындау мақсатында тренинг өткізілді.


13.02.2025ж. күні 5 «А», 5 «Ә», 5 «Б», 5 «В» сынып оқушыларының эмоциялық көңіл-күйін көтеру, топтасып жұмыс істеу жүйесін әрі қарай дамыту мақсатында **«Мен өзімді мақтай аламын»** тренингі өткізілді. Тренинг нәтижесінде оқушылардың көңіл-күйлері көтеріліп, қарым-қатынастары жақсарды.

19.02.2025ж. күні 8 – сынып оқушыларына көңіл-күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу, өздеріне құрметпен қарау, дұрыс қарым-қатынас орната білу сенімділікті арттыру өмірге қызығушылықты арттыру мақсатында **«Зорлық – зомбылыққа қарсымыз»** тренинг-сабағы өткізілді.

20.02.2025ж. күні 6 «А», 6 «Ә», 6 «Б», 6 «В» сынып оқушыларына өмір құндылығы туралы тереңірек білім беру, өмірге құштарлықтарын дамыту мақсатында **«Ашу-ыза билегенде не істеу керек?»** атты тренинг өткізілді.

Тренинг барысында оқушылар бір-бірімен толығырақ танысып, ақпарат алмасты.

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында жоғарғы сынып оқушыларына психологиялық тренингтер өткізілді.



28.03.2025ж. күні мұғалімдерге ұстаздарды жаңашылдыққа, инновациялық әдіс тәсілдерді тәжірибелеріне енгізе отырып, логикалық ойлау қабілеттерін, шығармашылық ізденісін, ой-қиялын арттыру мақсатында «**Эмоциялық шаршау – ретке келтіру**» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг нәтижесінде педагогтардың көңіл-күйлері көтеріліп, қарым-қатынастары жақсарды.

30.03.2025ж. күні 7 – ші сынып оқушыларына оқушылардың көңіл-күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу, өздеріне құрметпен қарау, дұрыс қарым-қатынас орната білу сенімділікті арттыр, өмірге қызығушылықты арттыру мақсатында «**Мен өзіме сенемін**» тренинг сабағы өткізілді.

5-6 сынып ата-аналарына ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынастың ерекшеліктерін психологиялық жаттығулар арқылы көрсету, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «**Ата – ана махаббаты**» атты тренинг өткізілді.


04.04.2025ж. күні 11 «А» сынып оқушыларына өздеріне деген сенімділікті қалыптастыру, пайдалы қарым-қатынас алгоритмін меңгерту мақсатында «**Сенімділік кілті**» тренинг-сабағы өткізілді. Тренинг-сабақ өз дәрежесінде өтті. Оқушылар тренингке белсене қатысты, қорқыныш түрлері туралы талқыланды, қатысушылар ҰБТ-ға деген қорқыныштарымен бөлісті, адамдар бір-бірін қолдау керектігін түсінді.



07.04.2025ж. күні 8 – сынып оқушыларына *«Мен өмірді таңдаймын»* семинар тренингі өткізілді. Тренинг барысында оқушылар бір-бірімен толығырақ танысып, ақпарат алмасты. Оқушылардың әрбірі қайталанбас тұлға екенін сезініп, өз бойларындағы адами құндылықтарды түсінді.

09.04.2025ж. күні 9 – сынып оқушыларына оқушы жеке тұлғасының бәсекелестік қабілетін, өзінің қалауына сай белгілі бір еңбек әрекетіне дайындық білімділігін қалыптастыру мақсатында *«Мен және менің таңдауым»* тренингі өткізілді.


10.04.2025ж. күні Шымкент қаласы Білім басқармасының «Психологиялық қолдау орталығының» маманы Г.Имашеваның қатысуымен ата-аналар және оқушылармен *«Балалардың психологиялық әл-ауқатын сақтау және нығайту»* тақырыбында психологиялық Ашық есік күні өтті.





10.04.2025ж. күні 6 «Ә», 6 «Б», 6 «А» сынып оқушыларына өзіне деген жағымды қарым-қатынасты дамыту, оқушылардың эмоциялық көңіл-күйін көтеру, топтасып жұмыс істеу жүйесін одан әрі дамыту мақсатында **«Мен өзімді мақтай аламын»** тренингі өткізілді. Тренинг барысында оқушылардың көңіл-күйлері көтеріліп, қарым-қатынастары жақсарды.

16.04.2025ж. күні 7-ші сынып оқушыларына өзіне деген жағымды (позитивті) қарым-қатынасты дамыту, рефлексияны дамыту, тәлім алушылардың сенімділік сезімін көтеру мақсатында **«Қарым-қатынас дағдылары және сенімнің маңызы»** тренингі өткізілді.



18.04.2025ж. күні 7 «А», 7 «Б», 7 «Ә» сынып оқушыларына **«Мен өмірді таңдаймын»** семинар тренингі өткізілді. Тренинг барысында оқушылар бір-бірімен толығырақ танысып, ақпарат алмасты. Оқушылардың әрбір қайталанбас тұлға екенін сезініп, өз бойларындағы адами құндылықтарды түсінді.

25.04.2025ж. күні 7 – сынып оқушыларына бір-бірлеріне жағымды көңіл-күй сыйлау, бір-бірінің білмейтін қырларымен толығырақ танысу, оқушылар арасында достық, татулық, жағымды қарым-қатынасты орнату мақсатында **«Жақсы көңіл күй – жан азығы»** тренинг өткізілді. Тренингтің соңында бір-біріне жылы лебіздер айтып, жағымды көңіл-күй сыйлады.

30.04.2025ж. күні 4 – сынып оқушыларына ББЖМ-ға қатысушылардың сынақ алдындағы қобалжу, мазасыздану сезімдерінен арылуға көмек беру, бойларында сенімділік пен тұрақтылық орнатуға бағыт бағдар, кеңес беру мақсатында **«Сенімділік – күш береді»** атты тренинг өткізілді.

4 – сынып оқушыларына агрессивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында **«Өміріңнің бақытты сәттері»** психологиялық тренинг өткізілді.

23.05.2025ж. күні ата – аналарға арналған отбасындағы ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөліне назар аудару, отбасылық құндылықтарды насихаттау, ата-аналардың өзара түсіністігін арттыру мақсатында **«Әкем – менің тірегім, Анам – менің жүрегім»** тақырыбында тәрбиелік маңызы зор тренинг өткізілді. Тренинг барысында түрлі психологиялық жаттығулар, сергіту сәттері және ашық пікірталастар ұйымдастырылып, ата-аналар өзара тәжірибе алмасып, жылы лебіздерін білдірді.

